апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

№21/509
26 мая 2017 года

*Республиканская акция*

## ПРИЕМ НА ДОРОГЕ

20 – мая на площади возле отдела внутренних дел города Приозерск состоялась



акция «Прием на дороге». Данное мероприятие приурочено к проводимой в Казахстане Республиканской акции «Прием на дороге», целью которой является оказание практической помощи всем участникам дорожного движения, ответить на вопросы жителей по организации дорожного движения. Встречу открыл аким города Приозерск Камзин Кайрат Амангелдиевич, который отметил важность данных мероприятий в улучшении организации дорожного движения и снижении травматизма и смертности при дорожно-транспортных происшествиях. Далее высту-



пили заместитель начальника местной-полицейской службы ДВД Карагандинской



области Арынов Олжас Арынович и член политсовета городского филиала партии «Нұр Отан», депутат городского маслихата Карабалаев Талгат Алимджанович, которые остановились на проводимых профилактических мероприятиях с целью недопущения детского травматизма и ДТП.

Далее сотрудники МПС ДВД Карагандинской области и отдела внутренних дел города продемонстрировали присутствующим, как применяются детские кресла и люльки, дополнительные приспособления к ремню безопасности, а так же ответили на вопросы жителей города.

**Б. Алшынбекулы**



*Үздіктерге құрмет*

## ҮЗДІКТЕРДІҢ ҚАЛАЛЫҚ СЛЕТІ

Осы аптада оқушылар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығында қаламыздағы екі жалпыбілімдік мектептің үздік оқушыларын марапаттауға арналған үздіктердің қалалық Слеті болып өтті. Алдымен қала әкімі Қайрат Камзин сөз алып, мектептердің оқушылары мен мұғалімдерінің жетістіктеріне тоқталды. Мектеп оқушылары оқуда үздік болуларымен қатар облыстық және республикалық






олимпиадаларға қатысып, көптеген жүлделі орындарға ие болған. Бұл мектеп ұжымдарының ғана емес, қаламыздың да жетістігі. Қала әкімінің құттықтау сөзінен кейін сахнаға қала мектептерінің үздіктері сыныптар бойынша шақырылып, оларға дипломдарды қала әкімі Қайрат Камзин, қалалық спорт бөлімінің басшысы Нұртай Стамқұл, № 1 жалпыбілімдік мектептің директоры Панар Жұмаханова, қалалық білім бөлімінің басшысы Гуля




Касимовалар табыс етті.

Сонымен қатар, үздік оқушылардың ана-аналары да ортаға шақырылып, оларға да мақтау қағаздары табыс етілді. Ана-аналар, өз кезектерінде, мұғалімдерге алғыстарын білдіріп жатты.



Ресми бөлімнен кейін іс-шара мерекелік концертке ұласты. Оқушылардың көркемөнерпаздар үйірмесі мүшелерінің қалықтата салған әндері, күмбірлеткен күйлері мен мың бұралған билері мерекеге мереке қосқандай, өзінің сәнімен үйлесіп жатты.

**Б.Алшынбекұлы.**





## ҚОШ БОЛ, АЛТЫН ҰЯМ !

# СЫҢҒЫРЛАП СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

**(РЕПОРТАЖ)**

Мамырлаған мамыр айының 25-жұлдызы жыл сайын «Соңғы қоңырау» салтанаты өтетін маңызды мереке болып кеткеніне қай заман?!. Биыл да бұл дәстүрлі мереке осы күні ұйымшылдықпен аталып өтті. Шараның өтетін уақыты алдын-ала хабарланса да, көктемнің соңғы және жаймашуақ күніндеріндегі қаланың таза әрі салқын ауасымен еркін тыныстап алу үшін үйден ертерек



шықтым. Ақ-қара формаларын шатырдай етіп киінген оқушылар да «Алтын ұя» мектептерне қарай жадыраңқы, шат күйде ағылып бара жатыр екен. Бір-бірімен қолтықтасып, жүздерінен қуаныш табы сезіліп әлденені әңгімелесіп барады. Мектептің салтанатты шара өтетін ауласы көз тартарлықтай безендіріліпті. Сыртта орнатылған дауыс күшейткіш қондырғыдан мектепке, ұстазға, мектеппен қоштасуға бағышталған әсем әуендер рет-ретімен беріліп жатыр. Ұлқыздарын жетелеген ата-аналар балақайларына бірдеңелерді түсіндіріп келеді. Қолдарына ұстаған шоқ гүлдері де осы салтанатты күннің құрметіне арналмақ. Сегіз жарым болғанда мектеп ауласы оқушыларға, ұстаздарға, ата-аналар мен қонақтарға лық толды.



Бір-бірлерін мерекемен құттықтаған барша жанның келбетінде шаттық күйі ойнайды. Биыл мектепті бітіріп, Алтын ұяларымен қоштасқалы тұрған бітіруші түлектердің көңіл-күйлері де, жан-дүниесі де басқаларға қарағанда бөлекше еді. Көп жылдар бұрын өз басымнан өткен бұл ерекше күйді өз басым шынайы сезіммен сезініп тұрдым...

Сағат тілі тура 09-00-ді көрсеткенде жүргізушілер «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиыны басталатынын хабарлады. Ең әуелі биыл мектеп бітіргелі отырған түлектерді атап, жиылғандармен таныстырды және олар сынып жетекшілері Татьяна Владимировна Рогалевамен бірге салтанатты түрде ортаға шақырылды. Бұдан соң Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ойналды. Алғашқы құттықтау сөз қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге беріліп, ол биылғы үлкен мерекелерге толы жылда өтіп жатқан салтанатты мерекемен құттықтады және туған мектептерімен қоштасып, жаңа өмірдің табалдырығын аттағалы отырған жас түлектердің алдағы мемлекеттік емтихандарына және ҰБТ-леріне, жаңа басталатын ересектік өмірлеріне сәттілік тіледі.

Мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова ұстаздарды, ата-аналарды, оқушылар мен түлектерді толқулы көңілмен құттықтады. Биылғы жылғы міндеттерге қысқаша тоқтала кетті. Бірнеше ұстаздар қалалық оқу бөлімі тарапынан марапатталды. Өз кезегінде сөз алған мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Анастасия Александровна Кисленко мектеп директорының бұйрықтарымен таныстырып, мектептің үздік оқушыларына мақтау қағаздарын табыс етті. Приозерск қаласы ІІБ жасөспірімдер ісі бойынша аға инспекторы Әлия Қалабаевна Құрманғожина жұртшылықты және түлектерді мерекемен құттықтады және жас жол сақшыларын құрмет қағаздарымен марапаттады. Құрметті қонақ ретінде қатысқан 44841 әскери бөлімі командирінің тәрбие ісі бойынша орынбасары, подполковник Сайран Ақжолұлы Молдабаев та құттықтау жолдап, мектептің бір жыл ішіндегі қоғамдық өміріне белсене қатысқан мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары Алтынай Ермағамбетова мен музыка пәнінің оқытушысы Жанар Қалдыбаеваға әскери бөлім тарапынан Алғыс хаттарын табыстады. Бастауыш сынып оқушылары да бітіруші аға-әпкелеріне жылы лебіздерін жыр жолдарымен жеткізді.

Кезек аптығулы көңілдерді толқытатын сәтке де келіп жетті. Бітіруші түлектер әппақ жүректерінен шыққан, мектебіне, ұстаздарына арнаған ақ тілектерін жырмен жеткізген соң, олар ортаға шығып, қоштасу вальсін билеп шықты. Қазақша шырқалған хордан кейін биыл жоғарғы сыныпқа қадам басатын 9-сынып шәкірттері алғашқы және пән ұстаздарына «РАХМЕТТЕРІН» хормен жеткізуге тырысты. «Біз Сіздерді ешқашан ұмытпаймыз!» деп қосыла айтқан әкеден бір ауыз сөз көкке қалықтап бара жатты. «Соңғы қоңырау» әнінің шырқалып тұруымен бірге соңғы қоңырау соғылды. Түлектер қолдарына ұстаған «Бақыт» шарларын іштерінен айтқан арман-тілектерімен бірге аспан төріне ұшырды. Бұдан әрі «Куда уходит детство» әнінің аясында бітіруші түлектер тағы да салтанатты түрде топтан шығарылды. Қайтып келмейтін балалық шақты артқа қалдырып, алдағы армандарына аттанды. Біржолата аттанды!.. ал, мұнда қалатын оқушыларды алда көңілді демалыс пен жайдары, жарқын жаз қарсы алмақ.

Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева, оқу бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова және ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шарбековалар қатысты.

**Н.ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**газеттің арнаулы тілшісі.**



**Суреттерде: Салтанаттан көріністер.**
**Суретті түсірген автор.**

# СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТЫ

**(РЕПОРТАЖ)**



25 – мамыр. Бұл дата әркімнің де жадында мәңгі сақталған, алтын ұя мектепті аяқтап, үлкен өмірге қадам басқан күн. Бүгінгі күн де жарқырап, қаламыздағы № 1 Жалпыбілімдік мектептің ауласына жиналған жұршылықтың жүзін де жадыратып жібергендей. Тек қана,



мектеп бітіруші түлектердің жанарларынан ғана бір қимастықты байқауға болады.

Соңғы қоңырау салтанатына жиналған қауымды қалалық білім бөлімінің басқарушысы Гуля Касимова құттықтап, мектеп бітірушілерге алдағы сынақтарын ойдағыдай тапсыруын және үлкен өмірде табыстар тіледі. Осыдан кейін мектеп дирек-



торы Панар Жұмаханова мектептің мұғалімдер ұжымы мен оқушыларының оқу жылында жеткен жетістіктеріне тоқтала келе, үздік оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттады. Мектеп бітірушілерді ана-аналары да құттықтап, ізгі тілектерін білдіріп жатты. Одан кейін қаламыздың қоғамдық өміріне белсене қатысқан оқушылар мен мұғалімдерге қалалық ішкі істер бөлімі мен әскери бөлімдердің мақтау қағаздары табыс етілді.

Ресми бөлімнен кейін ортаға бастауыш сыныптардың оқушылары шығып, мектеп бітірушілерге арналған тақпақтарын оқыды. Олардың қасына мектеп бітіруші түлек Юсупов Еламан шығып, жүрекжарды өлең жолдарын оқып, жас жеткіншектерге «Құрметті кілтті» табыс етті. Жас жеткіншектер болса, оқуды жақсы оқып, білімді де үлгілі оқушы болуға салтанатты анттарын берді.

Осыдан кейін, ортаға мектеп бітіруші түлектер шығып, өздерінің алтын ұялары – мектептеріне деген жүректі тебірентер тілектерін арнап, көпшіліктің көздеріне жас



ұялатты. Артынан дөңгелене би билеп, қимастық көңілде ұстаздарына бастарын иді. Оның соңын ала бере соңғы қоңырау үнімен мектеп бітіруші екі сыныптың оқушылары көпшіліктің алдында бір айналып өтіп, арттарына қарамастан мектеп ауласынан шығып кетті. Осылайша олар өздерінің мектептерімен қоштасып, басқаларға қол бұлғап, үлкен өмірге жүзген «кемеге» қарай қол ұстасып кетіп бара жатты...

**Жолдарың болсын! Қанша сын болса да сүрінбей өтіп, армандарыңа жетіңдер, жас түлектер!**

**Б. Алшынбекұлы**



# ҰЛТТЫҚ КОНКУРСТЫҢ ҚАЛАЛЫҚ КЕЗЕҢІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ




Өткен аптада қаламыздағы оқушылар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурстың қалалық кезеңі қорытындыланды. 2013 жылдан бастап Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен отбасы құндылықтарын дәріптеу мақсатында жылсайын «Мерейлі отбасы»



конкурсын өткізу дәстүрге айналдырылған болатын. Біздің қаламыз да да аталған конкурс өз деңгейінде өткізіліп, жеңімпаздар



аталып өтілуде.

Биыл да сол дәстүр бойынша жиылған жұрт конкурсқа қатысқан әр отбасымен танысып, олардың отбасыларындағы құндылықтарға қанық болды. Алдымен сөз алған «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары



Дулат Дүйсенбаев конкурстың сипаты мен мақсаты жайында тоқтала келе, конкурсқа қатысушыларға табыс тіледі.

Жүргізуші жиналғандарды әділ қазылар алқасының құрамымен таныстырып өткеннен кейін, конкурсқа бала-шағасымен түгелдей еңбексүйгіш, салауатты өмір салтын ұстанған өнерлі, тазалық пен әсемдікті сүйетін зияткер, еңбек пен ғылымда табысқа жеткен отбасылардың қатысқанын атап өтті. Әділ қазылар алқасының шешімімен конкурсқа қатысқан отбасылар төмендегідей марапаттарға ие болды:

Сахнаға Омарбаев Қанат Тиштыковичтің отбасы шақырылды. Отағасы Приозерск гарнизоны әскери полиция бөлімінің қызметкері, жұбайы - Асылханова Сайрангуль Алтынбаевна «Балақай» балабақшасының тәрбиешісі, бір қыз өсіріп отыр. Бұл отбасы «Ынтымақты отбасы» номинациясы бойынша үздік деп танылды.

Одан соң сахнаға Жуманиязов Аскар Калдыбаевичтің отбасы шақырылды. Отағасы мұғалім, жұбайы - Куйшебаева Сарсенгуль Турткулбаевна мектептің кіші қызметшісі, «Күміс алқа» и «Алтын алқа» иегері, он бала тәрбиелеп отырған ата-ана. Аталған отбасы «Өнегелі отбасы» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды.

Ендігі кезекте сахнаға Бердібековтер отбасы шақырылды: Отанасы - Махутова Күнзада Махамедіевна, қалалық аурухананың шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, 5 бала тәрбиелеп өсірген, 12 немересі бар. Бұл отбасы «Шапағатты отбасы» номинациясы бойынша үздік деп танылды.



Осыдан кейін сахнаға Нұрлыбаевтар отбасы шақырылды. Отағасы Нурлыбаев Марат Файзуллаевич өтр сөндіру бөлімінің қызметкері, жұбайы - Айтуарова Гулшан Ердосовна жеке кәсіпкер, 5 бала тәрбиелеп отырған өнегелі отбасы. Аталған отбасы «Өнегелі отбасы» номинациясы бойынша үздік болып шықты.

Кезек жеңімпаздарды шақыруға да жетті. Сахнаға Умаровтар отбасы шақырылды. Отбасы Умаров Шадыбай Серикбаевич, 60 жаста, зейнеткер, 2-топтағы мүгедек, жеке кәсіпкер. Жұбайы - Кармысова Ярашык, 60 жаста, зейнеткер Приозерск қаласының Ардагерлер Кеңесінің төрайымы, отағасымен 41 жыл отасып келеді, 5 бала тәрбиелеп өсірген, 12 немерелері бар. Бұл отбасы конкурстың басты жүлдесі – «Мерейлі отбасы» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылды.

Конкурсқа қатысқан барлық отбасыларына тиісті дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етіліп, құрмет көрсетілді.

Кештің соңы өнерпаздардың концертіне ұласып, жиналғандарға мерекеге сай көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Біз де өз кезегімізде Әр отбасына осындай өнегелік пен құндылықтар тілей отырып, болашақ ұрпақтың «ұяда» көргені, болашақта өзін биікке шығарар бақыты болсын демекпіз!

**Б. Алшынбекұлы.**
*Суретте: Конкурстан көріністер.*
*Суретті түсірген автор.*



*Тазалық – денсаулық кепілі*

# МЕНІҢ ҚАЛАМ, ТАЗА ҚАЛА



2017 жылдың 02 мамыр күні «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ- нің және «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ – нің ұйымдастыруымен «Туған жер» жобасы аясында «Менің қалам, таза қала» атты акциясы өткізілді. Акция барысында Балхаш көлінің жағалауы мен парктік аумақты тазалау жұмыстары жүргізілді. Акцияға «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беру мектебі» КММ – нің және «Приозерск қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ - нің оқушылары қатысты. Акция соңында оқушыларға балмұздақ таратылды.

Қаты-сушылардың жалпы саны - 130 оқушыны қамтыды.

**Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы**



*Тіл қолданысындағы келеңсіздіктер*

# САУАТТЫ ЖАРНАМА - ҚАЛА КӨРКІ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруда, сондай-ақ, оның қолданыс аясын кеңейтуде ерекше маңызды қозғаушы күштің бірі - жарнамалар мен көрнекі ақпараттар.

Жарнамалар мен көрнекі ақпараттардағы қазақ тіліндегі мәтіндердің қате жазылуы - ұлттық тілімізді, мәдениетімізді өркендетудің, құндылығын арттырудың өзекті мәселелерінің бірі. Жарнама мен көрнекі ақпарат саласындағы келеңсіздіктер қай өңірде болса да жетерлік. Сондай-ақ қазақтың жанын тербеп, рухын көтеретін мемлекеттік тілдегі көрнекі ақпараттар жеткілікті деу қиын.

Әрине қазіргі уақытта өмірімізді жарнамасыз елестете алмаймыз. Бизнес саласының өзінде «Жарнама - әдемі айтылған шындық» деген аксиома қалыптасқан. Күнделікті тәжірибемізде көріп жүргеніміздей, жарнама беруші сататын затын маңызды санайды да, ал сол жарнаманың тіліне, мәтініне мән бермейді. Қашанда көрнекі ақпараттар тіліндегі өріп жүрген қателер, сауатсыз, олақ аудармалар, сөздік қолданыстағы кемшіліктер тіліміздің көркемдігіне әсер етеді.

Ағымдағы жылдың 25 сәуірі мен 25 мамыры аралығында қаламызда «Көрнекі ақпарат пен жарнамаға сауаттылық» атты облыстық айлық жарияланды. Айлықтың басты мақсаты – қаладағы жарнама, маңдайша жазулары мен көрнекі ақпараттың қатесіз жазылуын зерделеу, әдістемелік көмек көрсету және ретке келтіру. Бұл айлық қаладағы көрнекі ақпарат пен жарнама мәтіндерінің дұрыс жазылуын ретке келтіруге өз ықпалын тигізуде.

Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: «мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағында немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін» деп көрсетілген. Яғни, қазақ тілінде жазылып, содан кейін басқа тілге аударылуы керек. Аталған мәселені жарнама берушілер мен жарнама агенттіктері де қаперде ұстағандары абзал. Қала кәсіпкерлері айлық кезінде анықталған кемшіліктерді заң талаптарына сәйкес реттеуді қолға алайық, назардан тыс қалдырмайық. Қалай болса да, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтіні кіршіксіз дұрыс болуы керек емес пе?! Мемлекеттік тілдегі жарнаманың өзі мемлекеттің айнасы екендігін неге түсінбейміз?!

Мемлекеттік тілдегі сауатсыз жарнама мен көрнекі ақпарат әркезде де елдігімізге сын. Сауатымызды түзеп, мемлекеттік тіліміздің абыройын ойлау, тілімізді дамытуға атсалысу, әрі оны қадағалау әрбір Қазақстан азаматының міндеті екенін естен шығармайық, ағайын!

**А. Тульчикова,**
*«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы*

ЖАҢҒЫРТУ 3.0

### Елбасы жолдауы – халықтың қолдауы

# ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫҚ

Еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Елбасы жыл басындағы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғандығын жариялады. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол - әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Көздеглен жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенім артаудамыз. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы Елбасы өз көзқарасын ортаға салды. Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземіздi теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Елбасымыз халқының тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалайды. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтті.

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар - ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылдыққа ұласты. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм - өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.

Ұлттық бірегейлікті сақтау Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Білімнің салтанат құруы Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс.

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты,алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жоба ұсынылды. 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімделді. Бұл - сол кезден барлық салаларда біз латын әрпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Бұл - білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады.

Біз - ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек.

2017 жыл жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болмақ. Содан соң бірегей бағдарламаны 5-7 жылда тыңғылықты жүзеге асырамыз.

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенуіміз керек. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс - біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Барлығымыздың мойнымызда еліміздің болашағы үшін орасан зор жауапкершілік жатыр. Алдымызда қиын жұмыстар күтіп тұр. Кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, адамдарды жұмылдыру, қойылған барлық міндеттерді орындауда біріктіру керек» деген болатын.

Көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам бастық. Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік! Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз қанатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрініп, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың мәртебесі биіктей берсін!

**Приозерск қаласының Әділет басқармасы**

*Шағын және орта бизнесті қолдау*

# КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ӨТЕ ЗОР КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ

Бизнесті дамыту арқылы, әр елдің экономикалық әл-ауқатын анықтап, бәсекеге қабілеттілік деңгейі көрсеткіш болатын бірқатар әлемдік рейтингтер бар. Солардың бірі - Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (ДЭФ ЖБҚИ). Бұл форум - әлемдік үкіметтік емес ұйым, мүшелігінде 70 елдің 1000-ға жуық ірі компаниялары бар. 30 жылдан астам, жыл сайын Форум экономикалық және саяси зерттеулер жүргізіп, экономикалық, әлеуметтік жағдайлар, инновациялық факторлар, денсаулық сақтау және қоршаған ортаны қорғау салаларын қамти отырып, жыл сайын форумның бәсекеге қабілеттілік 114 индексімен жыл сайын әлем мемлекеттерінің рейтингтерін жариялайды.Еліміз ДЭФ ЖБҚИ-не 2006 жылдан бастап қатысады. Инновациялық даму жолындағы елдер тобына кіретін еліміз бәсекеге қабілеттілік индексінің жыл сайынғы есебімен өткен жылы 42-орында көрінсе, биылғы жылы 53 орынға түскен.

Бұл индекс көрсеткішін одан әрі жақсарту мақсатында ҚР Үкіметінің былтырғы ДЭФ ЖБҚИ көрсеткіштерін жақсарту бойынша Іс-шаралар жоспарымен 108 индикатор белгіленді. Оның ішінде «Бизнесті бастау үшін қажетті уақыт», «Бизнесті бастау үшін қажетті рәсімдер саны» *деген талапты орындау мақсатында* заңды тұлғаларды тіркеу бағыты бойынша заңнамаға оңтайлы өзгерістер енді.Бүгінгі таңда кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау мәселесіне өте зор көңіл бөлінуде. Заңды тұлғаны электрондық сандық қолтаңба арқылы 1 сағаттың ішінде тіркелуге мүмкіндік қосылды. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін тіркеу кезінде әділет органына жарғыны ұсыну, қағаз түріндегі мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру тәртібі жойылды. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар үшін мөр жасау міндеті жойылды, яғни бүгінгі таңда коммерциялық ұйымдар мөрсіз жұмыс жасай алады.Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғалар алғашқы тіркеу және тарату рәсімдерін жүргізгені үшін алым төлеу міндетінен босатылды, рәсімдер тегін жүргізіледі.

Экономикасы нарықтық бағытқа бет алған еліміз үшін кәсіпкерлікті дамыту, сол арқылы 30 дамыған ел белесіне жету межесі тұр алдымызда. Күні бүгінде шағын және орта бизнестің дамуына, оның ішінде инновациялық бағытқа айрықша қолдау берілуде. Арнайы Кәсіпкерлік Кодексі қабылданып, еліміздегі кәсіпкерлікті еркін дамытып, олардың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлары анықталды. 2016 жылдың 25 маусымынан бастап ҚР «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңының 23-бабына өзгеріс енгізіліп, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу тіркеуші органға өтініш келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізілетін болды. Халықаралық сауда ұйымына енуге ниет білдірген елдерден зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімінің қағидаттарын талап етеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңдары қолданысқа енгізілді. Қабылданған заңдарға сәйкес, Зияткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 158-бабы бойынша «Бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдаланғаны үшін» айыппұл соммасы көтерілді. Ал, авторлық және сабақтас құқықтарын бұзған үшін Қылмыстық кодексінің 198-бабымен көзделген жауапкершілік бойынша әділет органдарына құқық иеленушілердің арызы негізінде тексеру жүргізіп, нәтижесін сотқа дейінгі тергеу жүргізу үшін тиісті органдарға жолдау құқықтары белгіленді. Аталмыш форумның міндеттерінен шығып, дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсаты тек форумның индикаторларынан ғана емес, сонымен қатар, Дүниежүзілік банк сарапшыларының «Doing Business» рейтингісі белгіленген 10 индикаторы позицияларынан да айқындалады. Яғни «Келісімшартты орындау» позициясымен сот төрелігі, сот қаулыларының орындалысы қаралады. Осыған орай, халықаралық сұранысқа сай заң үстемдігін қамтамасыз етіп, құқықтық реформаны қалыптастыруға «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары жарияланды. Бұл жоспарды орындау мақсатында «Кәсіпкерлік туралы» Кодексі қабылданып, жеке сот орындаушылар қызметін жандандыру мақсатындағы ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Кәсіпкерлік мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензия алуға үміткерлерді аттестаттау функциясы аумақтық әділет органдарына берілді. Яғни, тағылымдамадан өткен, жеке сот орындаушы болуға үміткер адамдар, жергілікті Әділет департаментіне тиесілі құжаттарды тапсырып, аттестаттаудан өте алады. Тұтастай алғанда, бұл ұлттық бәсекеге қабілеттілігін бағалау негізінен сұрақ қою арқылы бизнестің елдегі жағдайын анықтайды. Халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудегі жеңілдіктерді енгізеді, заң төрелігіне қол жетімді етеді. Ең бастысы әлемнің ең үздік отыз мемлекеттерімен сап түзейтін мүмкіндіктер береді.

**Приозерск қаласының Әділет басқармасы**

*Білгенге – маржан!*

# ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

Қарамағындағы Республикаларды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған кеңестік кезеңде қазақ халқы көптеген салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық құндылық-тарынан алыстап кеткені жасырын емес. Тілімізді біртіндеп жою саясатын қолданса, дінімізге революцияның алғашқы күнінен-ақ шүйліккен. Соның кесірінен еліміздің орталық, солтүстік аймақтары ораза тұтудан, намаз оқудан, шариғаттан ажырап қалды. Оңтүстік және батыс аймақтарда бұл мұсылман қағидаттары ішінара сақталды. Мен туып-өскен Өзбекстан Республикасына қарасты Тауелібай өңірінде дін де, салт-дәстүр де толығымен сақталды деп айта аламын. Себебі өзбек билігі өздері де дінді жасырын ұстанғандықтан, халықтың наным-сеніміне тиіскен жоқ. Сондықтан да бала кезімізден ораза өз мезгілінде ұсталып, айт мерекелері тойланып отырғанын көріп өстік. Бүгінгі тәуелсіз елдің ел-жұрты жоғалтып ала жаздаған дініне қайтқанына шүкірлік етеміз. Жақындап қалған ораза тұту мерзіміне орай қаламыздағы мешіт имамы Дәуіт Сейтқалиұлынан ораза жайлы, оның адамға пайдасы, мұсылманның міндеттері, қасиетті айлар мен күндер туралы әңгімелеп беруін өтінген едік.

–Көптен күткен айлардың сұлтаны, уақыттың төресі Рамазан жақындап та қалды. Бір ай бойы Алла разылығы үшін иман еткен мүміндер астан тиылып, құлшылыққа ден қойып, нәпсісімен күреседі. «Әй, мүміндер! Күнәлардан сақтанып, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей, ораза парыз етілді» , - деп Алла Тағала ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен мұсылманға Рамазан оразасын міндет қылды. Осы сүренің 185 – аятында: «Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла Тағала сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды. Сендерді тура жолға салған Аллаға шүкірлік етулерің үшін санын толтырыңдар. Әрі Алланы ұлықтаңдар», - деп жеңілдігі барын да айтты. Енді қарыз күндерді қашанға дейін өтеу керек деген сауал туады. Әлбетте, жіберілген күндерді қолдан келгенше тезірек өтеген абзал. Ертеде саңлақ сахабалар мен ізгі ниетті мұсылмандар Рамазан енді аяқталып жатқанда, «Иә, Раббым келесі Рамазанға аман-есен жеткізе гөр» деп дұға етіп, асыға күткен. Өйткені бұл ай Раббымыздың рақымшылығы мен кешіріміне толы ерекше ай. Құдси-хадисте Алла Тағала: «Аузы берік адам ішіп-жеуін мен үшін доғарды. Ораза – Мені мен құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен ғана беремін», -деген. Рамазан айындағы Оразаның сауабын тіпті періштелер де жазбайды, ол тек аса Қамқор ерекше Мейірімді Аллаға ғана аян. Сондықтан да, ертең Оразамыз толық болмай, Рамазанның өлшеусіз сауабынан мақұрым қалмасқа кім кепіл. Шафиилерде алдыңғы Рамазанның қарызын, келесі Рамазанға дейін өтеу парыз. Өйтпеген жағдайда, әрі қаза, әрі кәффаратын өтеу керек деп біледі. Ал Ханафи мәзхабында ондай шектеу жоқ. Ғалымдар Құран яки хадисте белгілі уақыт белгіленбегендіктен, келесі Рамазанға дейін өтеуді міндеттемеген. Алайда, адам баласының қара жерді қаншалықты басып жүретіні беймәлім. Расулалла Мұхаммед: «Ережеп – Алланың айы, Шағбан – менің айым, Рамазан – үмметімнің айы» деп қасиетті айларды атап айтқан. Ережеп, Шағбан айлары Исламда Рамазанға дайындық болып саналады. Осы қасиетті айларда да тиімді пайдаланып, былтырғы Рамазаннан қалған қарыздарымызды өтеп алуға да болады. Алла әрбір құлшылығы-мызды сауаптан жазып, Рамазандағы ора-замызды қабыл еткей!

Мен өткендегі бір садақа кезінде қатысқан қала тұрғындарына Бараат түні жайлы уағыз айттым. Бұны әрбір мұсылман ескеріп, жүзеге асырып жүрсе сауабы мол болар еді. Бұл түннің ерекше қасиеті көп. Бір ғана мысал, осы түні барлық адамның бір жылдық ризығы бөлінеді. Сондықтан Бәраат түнін ғибадатпен, тақуалықпен өткізген абзал.

